

Connect-Ed

2023 жылға есеп беру

Қадірлі достар,

Әрбір балаға тең мүмкіндіктер қамтамасыз ете аламыз ба? Қалай қамтамасыз ете аламыз? Тең мүмкіндіктер қандай болу керек?

2020 жылы цифрлық теңдік пен тең мүмкіндіктер қамтамасыз ету жолындағы қарапайым идеядан жұмысымызды бастадық. Ойымызды іске асырып, қор құрдық.

Күшімізді жұмылдырып, идеяны іске асыру мүмкін болатын көпір салдық. Мақсатымызды іске асыру үшін күнде еңбек етіп келеміз, балаларды техникамен қамтамасыз етеміз, цифрлық сауаттылық курстарын өткіземіз, пікірлес адамдарды табамыз, ынтымақтастық құрамыз, түрлі іс-шараларға қатысамыз, мүмкіндігінше цифрлық теңдік мәселесін көтереміз. Күннен күнге осы жолда еңбек етуді таңдаймыз.

2023 сіздің арқаңызда мүмкіндіктерге толы болды.

- **119 техника бірлігі табысталды, соның арқасында 453 бала техникамен қамтамасыз етілді;**
- **96 бала мен 23 ересек онлайн цифрлық сауаттылық курстары өтті;**
- **Алматы мен Шымкент қалаларында 105 зейнеткер цифрлық сауаттылық негіздерін үйренді.**

2024 жылы Қазақстан бойынша 5000-нан астам баланы техникамен қамтамасыз етіп, 1500-ден астам баланы оқыту жоспарымызда бар. Сондай-ақ цифрлық сауаттылық курсы халықаралық стандарттар мен зерттеулерге сәйкес толықтырып, оқыту методикасын жетілдіру де жоспарымызда бар.

Біз мақсаттарымызды орындау үшін қолдан келгеннің бәрін жасауға уәде береміз және цифрлық теңдік біздің қоғамымыз үшін мүмкін болады деп сенеміз.

Қолдауыңыз үшін рахмет.



Гүлназ Қорданова
Connect-Ed негізін қалаушы

Қорымыздың 3-жылдық нәтижелері

Connect-Ed 3 жыл бұрын пайда болған идеядан басталған жоба. Сол кезден бері цифрлық теңдікке ұмтылып келеміз.

Қымбатты достар, әріптестер, жазылушылар, біздің ісімізге және идеямызға бей-жай қарамайтын адамдар арқасында үш жылда елеулі нәтижелерге қол жеткіздік және жұмысымызды әрі қарай ілгерлете береміз.

Ортақ әрекетіміздің, сіздің қолдауыңыздың арқасында біз 1000-нан астам баланы техникамен қамтамасыз етіп, Шелл Қазақстан компаниясы берген техниканы Атырау облысының 11 мемлекеттік мектебі мен 2 білім беру мекемесіне беріп, 300-ден астам балаға цифрлық сауаттылық курстарын оқыта алдық. Бізді 20-дан астам ұйым мен компания қолдады, біздің оффлайн курстарымыздың географиясы Алматы қаласынан тыс шықты және 2023 жылы цифрлық сауаттылық курсы Шымкент қаласында өткізілді. Бізді Informburo.kz, The Steppe, Manshuq, Перемена Медиа, Тіл кеспек жоқ, Forbes Қазақстан, The Village Қазақстан сияқты медиа кеңістіктері мен басылымдары қолдауы арқасында көп адам таныды.

Бізді таңдағаныңыз үшін рахмет.

Миссиямызды орындау үшін алдымызда талай мүмкіндіктер бар.

Harvard Innovation Labs қаржылық қолдауы – 2023



HARVARD
UNIVERSITY

ЖЫЛҒЫ АЛҒАШҚЫ ЖЕТІСТІГІМІЗ.

Біздің ұйым Гарвард Университетінің Әлеуметтік ықпал ету стипендиялық қорын (Social Impact Fellowship Fund) қорының іріктеуіне қатысып, Spark Grant сыйлығына ие болды.

****Harvard Innovation Labs - Гарвард студенттері, оқытушылар, кәсіпкерлер және Олстон мен Үлкен Бостон қоғамдастығының мүшелері арасында командалық және кәсіпкерлік қызметті ілгерілетуді мақсат ететін ұйым.***

Connect-Ed 2023 жылдың ақпанында Harvard Innovation Labs грантына ие болды.

Гарвард университеті біздің жобамыздың әлеуетін мойындауы біз үшін өте құнды. Осы мүмкіндіктің арқасында біздің ұйым ғылыми қоғамдастықтан консультациялық көмек және жобаларды іске асыру үшін қаржылық қолдау алды.

Гарвард университетінің ғылыми қоғамы Harvard Innovation Labs-ке біздің қызметімізді іске асырудағы тәсілді жақсартуға және Connect-Ed қоғамдық қорының одан әрі өсуі мен дамуына көмек көрсеткені үшін алғысымызды білдіреміз.

Social Development Fund

NU гранты

Біз үшін 2023 жылдың желтоқсанында Назарбаев Университетінің Әлеуметтік даму қорынан грант алу да маңызды болды.

Әлеуметтік Даму Қоры білім беру, ғылыми-зерттеу, қайырымдылық және өзге де әлеуметтік маңызы бар салаларда қазақстандық қоғамды дамыту мақсатында 2012 жылдан бастап өз миссиясын табысты іске асырып келеді.

Бұл грант бізге цифрлық сауаттылық бойынша курстарымызды жақсарту және жаңарту бастамасын іске асыруға, сондай-ақ қор қызметінің одан әрі дамуына қолдау көрсетуге мүмкіндік берді.

Біз Назарбаев Университеті Connect-Ed қорының жобаларын іске асыруға көмек беріп, біздің кандидатураны қарастырғаны үшін ризашылығымызды білдіреміз.



NAZARBAYEV
UNIVERSITY

SOCIAL
DEVELOPMENT FUND

ЖАҢА СЕРІКТЕСТЕР

Біздің ұйымның қызметін ілгерілетуде серіктестеріміздің рөлі зор.

2023 жылы түрлі құрылымдармен серіктестік қарым-қатынастарды дамыту мүмкіндіктері кең ауқымда өтті.

AlmaU кітапханасымен, КІМЕР университетімен және SDU University-мен серіктестігіміз

Осы серіктестігіміздің арқасында 2023 жылдың қараша мен желтоқсан айларында зейнеткерлерге арналған цифрлық сауаттылық оффлайн курсына мүмкіндік туды. Курстың нәтижесінде біздің студенттер цифрлық кеңістік туралы көбірек біле алды, онымен әрекеттесуді үйренді және жаңа әлемге жол ашатын ғаламтормен танысты.

Бұл курс жоба қатысушыларынан жақсы пікірлер жинады және әрі қарай жүзеге асыру үшін қажетті бастама ретінде атап өтілді.



Цифрлық сауаттылық курсың өткеннен кейін жақсы әсер алдық, ал ең бастысы ұялы телефон мен интернетті пайдалану процессін жеңілдететін білім алдық.

Үйренген дүниелер арқасында ой-өрісіміз кеңейді. Айнұр, Кәмила, Аяжан, Елдос, Назерке және басқа да қыз-жігіттерге алғыс айтқымыз келеді, өйткені олар бар ынтасын салып, сабақтарды өткізді.

Зейнеткерлерге осындай жағдай жасап, курс өткізген барлық жандарға алғыс айтамыз. Бәріңізге көп рахмет

Зейнеткерлер курсының тыңдаушылары
Әнел Шарипова мен Саламат Құрбанова

Курстарымыздың географиясын кеңейту

Курстарымыздың географиясын кеңейту 2023 жылдың тамыз айында шуақты Шымкент қаласынан басталды. Курсты American Corner Shymkent және Пушкин атындағы кітапханамен бірлесіп өткіздік, бұл үшін серіктестерімізге алғысымыз шексіз.



«Мен қазір онлайнмын» курс бағдарламасы аға буынның қабылдауына толығымен бейімделген. Онда смартфонды тиімді пайдалану, пайдалы қолданбалар орнату және оларды сауатты пайдалану, eGov, Kaspi, OLX және т.б. мысалдар арқылы танымал сайттарды пайдалану тақырыптары қарастырылған, сонымен қатар алаяқтық және интернет қауіпсіздігі тақырыптары да қамтылған.

2023 жылы техника алудың сәтті кейстері



2023 жыл оқиғаларға толы болды, әсіресе серіктестеріміздің жомарттығын атап айтқан жөн болар, Shell Қазақстан компаниясы (214 бірлік техника), UNESCO (16 бірлік техника), ЕРАМ (15 бірлік техника) және Lenovo (8 бірлік техника) техника табыстады.

“Айттым Сәлем!” фестивалі

“Айттым Сәлем!” фестивалі аудиториямызға жақындау түсуге мүмкіндік беріп, қорымыздың жұмысымен таныстырды.

Фестивальді 2023 жылдың жазында «Aittym Salem» қазақша сөйлесу клубы ұйымдастырды. Шара қонақтарын қазақстандық өндірушілердің жәрмеңкесі, қазақстандық орындаушылардың музыкалық концерті, фудкорт, байланыс орнату мүмкіндігі (нетворкинг), сондай-ақ бауырсақ дайындаудан бастап, киіз басу шеберлігіне дейінгі түрлі шеберлік уоркшоптар күтті.



***«Aittym Salem» қазақша сөйлесу клубы 2021 жылы Баймусина Заринаның бастамасымен құрылды, мақсаты қазақ тілін мәдениет, тіл және әдебиет арқылы үйрету. Сабақтар онлайн және оффлайн форматта өтеді. Клубтың барлық бастамалары туралы толығырақ ақпаратты олардың парақшасынан табуға болады Instagram: @aittym.salem.**

Осы фестиваль кезінде екі MacBook алғанымызды және жәрмеңке қонақтары Kaspi қолданбасы арқылы көмек жолдағандарын айтып өткен жөн.

Осындай мүмкіндіктер болғанына алғысымыз шексіз және осындай шаралар адамдарды жұмылдырып, шабыт табуға көмектеседі деп сенеміз.

Digital Communication Network форумына қатысу

2023 жылдың қыркүйегінде өткен Digital Communication Network (DCN) жаһандық Орталық Азия форумы Орталық Азиядағы цифрлық сауаттылықты арттыруға арналған форум. Бұл шара DCN Global қауымдастығы мен World Learning қолдауымен ұйымдастырылды.

****DCN Global – бұл әлеуметтік кәсіпорын ретінде ұйымдастырылған цифрлық кәсіпқойлар мен жаңа көшбасшылардың көп салалы қауымдастығы. Жаһандық қауымдастық демократия мәселелерін шешуге бағытталған шешімдерді іздейді.***

****World Learning – халықаралық даму, білім беру және алмасу бағдарламаларына мамандандырылған халықаралық коммерциялық емес ұйым.***

Форумның бірінші күні интерактивті мастер-класстар, презентациялар, түрлі тақырыптар бойынша панельдік пікірталастар өткізілді. Қатысушылар денсаулық сақтау, қаржы, білім беру және қауіпсіздік секторларындағы ақпараттық технологиялардың әлеуетін зерттеуге мүмкіндік беретін электрондық басқару, киберқауіпсіздік және цифрлық кәсіпкерлік тақырыптарын тереңірек зерттей алды.

Біздің әріптесіміз, Connect-Ed цифрлық сауаттылық командасының көшбасшысы Әйгерім Пазылбекова Орталық Азиядағы цифрлық сауаттылықты түрлендірудің сын-қатерлері мен мүмкіндіктеріне арналған панельдік пікірталасқа қатысты.

Форумның ұйымдастырылуы DCN Global өңірлік орталығының ашылуымен тұспа-тұс келгенін атап өткен жөн. Сондықтан екінші күн DCN аймақтық өкілдігін талқылауға арналды және алдағы бастамалар үшін идеяларды дамытуға бағытталды.





DSN Global Central Asia Forum цифрлық сауаттылық тақырыбын қамту арқылы Орталық Азиядағы қауымдастықты нығайту мақсатында ұйымдастырылды. Іс-шара аясында біз сессияларға, воркшоптарға, шеберлік сыныптарына және панельдік пікірталасқа қатыса алдық, сондай-ақ өзекті мәселелерді талқылап, ІТ технологияларды қолданып әлеуеттік мәселелер шешімдерін іздеу бойынша топтық жұмыс жүргіздік.

Қырғызстаннан келген спикер елдің шалғай өңірлерінде интернет желісінің қолжетімділік деңгейін арттыру мақсатында ISOC еуропалық бөлімшесімен ынтымақтастық нәтижесінде қырғыз интернет қауымдастығын құру моделін таныстырды. Әр түрлі қаржыландыруды, соның ішінде мемлекетпен белсенді ынтымақтастықты пайдалана отырып, команда мұқтаж отбасыларды анықтаудан бастап, олардың үйлеріне интернет желісін іс жүзінде қосуға дейінгі және цифрлық сауаттылықты оқыту және арттыруға дейінгі толық циклді орындайды, сондай-ақ қыздарға бағдарламалауды үйрету курстары да бар.





Әйгерім Пазылбекова

Connect-Ed цифрлық сауаттылық командасының көшбасшысы

Мүмкіндіктерді кеңейту: Kaspi Bank және Halyk Bank қолданбаларында қайырымдылық төлемдер бөліміне қосылу

Біздің ұйым үшін маңызды оқиға ConnectEd-ті 2023 жылдың шілдесінде Kaspi Bank және Halyk Bank қолданбаларындағы қайырымдылық төлемдер бөліміне қосу болды.

Енді біздің бастамаларымызға көмектесу оңайырақ болды, қолдау көрсету үшін төлемдер бөліміндегі іздеу жолағына "Connect-Ed" ҚҚ теріп, төлем жасауға болады.

Платежи



ОФ "Connect-Ed"

вклад для преодоления цифрового неравенства



Lenovo және TechnoDom-мен бірлесіп "Жақсылық жаса!"

"Жақсылық жаса!" 2023 жылғы 21 қазанда серіктестеріміз - Lenovo және Technodom-мен бірлесіп өткен маңызды шара. Науқан механикасына сәйкес кез-келген адам пайдаланылған техниканы Connect-Ed-ке тапсырып, Technodom желілерінде Lenovo өнімдерін сатып алуға жеңілдік алды.

Делай добро и получай скидку
на ноутбуки Lenovo!



Науқан қорытындысы бойынша біз серіктестермен болашақта осындай науқандар тағы өткіземіз деп келістік. Науқанға қатысушылар біздің Қордың қызметі туралы көбірек біліп қана қоймай, сонымен қатар игі және маңызды іске үлес қоса алды.



@valid_podcast подкастына қатысу

2023 жылдың қараша айында @valid_podcast подкастына біздің әріптесіміз, Connect-Ed цифрлық сауаттылық командасының көшбасшысы Әйгерім Пазылбекова қатысты. Подкастта ConnectEd құру себептері, біздің мақсаттарымыз бен жобаларымыз сияқты тақырыптар талқыланды. Біз сондай-ақ цифрлық сауаттылық курстары және жақын арада ұсынылатын жаңарту туралы ақпарат бердік.

****Подкаст “Valid” 2023 жылдың мамырында құрылды, оның негізгі мақсаты инклюзивтілік туралы ақпаратты тарату. Подкасттың басты мақсаты аудиторияға инклюзия тақырыбын таныстыру, инклюзивтік саласында жұмыс істеп жүрген танымал адамдармен подкасттарды ұйымдастыру және жазу арқылы Қазақстанда инклюзивті орта мен инклюзивті білім беруді дамыту жолдарын қолдау және ілгерілету. Барлық эфир жазбалары Apple Podcast-та қол жетімді, және сіз бұл бастама туралы олардың Instagram парақшасында көбірек біле аласыз: @valid_podcast.***

Ұйым қызметінің бір жылғы және үш жылғы нәтижелері

**2023 жылғы деректерді ресімдеу*

119

Табысталған техника саны


453

Техникамен қамтамасыз етілген балалар саны

11

Балалардың орта жасы

Донарлар бөлінісі (техника бойынша):



Заңды тұлға
118

Жеке тұлға
1

224

2023 жылы цифрлық сауаттылық курстарына қатысқан қатысушылар саны

*** Ұйым қызметінің барлық
уақытында деректерді ресімдеу**

494

Табысталған
техника саны


1923

Техникамен
қамтамасыз
етілген
балалар саны

11

Балалардың
орта жасы

Донорлар бөлінісі (техника бойынша):



Заңды тұлға
420

Жеке тұлға
38



Краудфандинг
36

320

2020 жылғы мамырдан цифрлық
сауаттылық курсына қатысқан
қатысушылар саны

Connect-Ed

ДОСТАРЫ





Құрметті Connect-Ed,

Заманауи қоғам талаптарына сай цифрлық құрылғылар қоғамдағы әлеуметтену үшін маңызы зор.

Біз, Halyk еліміздің ірі банкінің өкілдері ретінде жобаңыздың адам өмірі үшін қаншалықты маңызды екенін түсінеміз және Қазақстандағы цифрлық теңсіздікке қарсы күрес жолындағы қызметіңіз үшін алғыс білдіреміз. Орасан жұмыс атқарып, керемет нәтижелер көрсетіп, тек жақсы әсер қалдырасыз.

Connect-Ed арқасында мыңдаған қазақстандық компьютерлер мен смартфондармен қамтамасыз етілді, бұл өз кезегінде оқу, жұмыс істеу, байланыс орнату үшін жаңа мүмкіндіктер ашты. Бұл инклюзивті даму мен әлеуметтік прогресс жолындағы маңызды қадам.

Серіктестігімізді жоғары бағалаймыз және ортақ ісіміз - цифрлық алшақтықты қысқарту және Қазақстан халқының өмір сүру сапасын арттыру мүддесі үшін әлі талай бірге жұмыс істейміз деп үміттенеміз. Тамаша жұмысыңыз үшін рахмет!

Құрметпен,

Әсел Оразбаева

Halyk Bank PR департаментінің жетекшісі



Біз, Valid Podcast командасы Connect-Ed ұйымымен ынтымақтастығымызға алғыс білдіреміз. Connect-Ed мамандарының қатысуымен жазылған цифрлық сауаттылық мәселесіне арналған подкаст эпизоды ең шабыттандыратын әрі танымдық маңызы зор эпизодтардың бірі болды.

Connect-Ed ұжымына табыс тілейміз, болашақта бірге талай жұмыс істеу мүмкіндігіге туады деп сенеміз. Сіздің еңбегіңіздің білім беру саласындағы орны бөлек және біз оның бір бөлігі болғанымызға қуаныштымыз.

**Құрметпен,
Амина Базылбекова мен Valid Podcast
командасы**

Команданың жаңа мүшелері

2023 жылы біздің команда
құрамында маңызды
өзгерістер болды.



**Жыл басында Мадина Нұржанова
Connect-Ed командасына жаңа
операциялық менеджер ретінде
қосылды!**

Қаржы, консалтинг және ұйымдастыру процестерін құруда тәжірибесі бар Мадина Connect-ed қызметіне баға жетпес тәжірибе мен сараптама әкеледі.

Өзін жан-жақты тұлға ретінде дамыта отырып, Мадинаның моушн-дизайн мен ролик жасау тәжірибесі де бар. Оның ұзақ мерзімді мақсаттарының бірі-қазақ ертегілерін анимациялау, яғни дәстүр мен мәдениеттің құндылығын жаңа технологиялар арқылы таныстыру.



Жылдың аяқталуы сонымен қатар командаға жаңа Connect-Ed корпоративтік байланыс менеджері – Мадина Болаттың келуімен ерекшеленді.

Қоғамдық саясат және халықаралық қатынастар саласында білімі бар Мадина коммуникация және даму саласында дағдылары мықты. Қазір ол Global Shapers Almaty ұйымының еріктісі, Мадина жоғары мақсаттар жоғары нәтижелерге әкеледі деп сенеді.

Біз туралы басшылар

The Village Kazakhstan



Tilkespekjoq

АЛМАТЫДА ЗЕЙНЕТКЕРЛЕРГЕ
АРНАЛҒАН ТЕГІН ЦИФРЛЫҚ
САУАТ КУРСЫ ӨТЕДІ



Forbes Kazakhstan

Дать удочку: казахстанка открывает
нуждающимся детям окно в цифровой мир

Актуально > Образование

24 апреля 2023

22578

Основательница проекта Connect-Ed ликвидирует цифровой разрыв среди школьников и их родителей



Гульназ Корданова
ФОТО: © Lendel Marshall

Бізді қолдағандар



Connect-Ed командасы

Гүлназ Қорданова

Негізін қалаушы, Жетекші

Әйгерім Пазылбекова

Цифрлық сауаттылық командасында Team Lead, онлайн оқыту және цифрлық сауаттылық курсының әдістемесінің дизайнері

Александра Крашина

SMM-менеджер

Зайида Насыр

Есепші

Назгүл Жанайдарова

Деректерді талдау маманы

Нұртас Тасин

Техниканы қабылдау және үйлестіру координаторы

Томас Ақынов

IT маманы

Мадина Нұржанова

Операциялық менеджер

Құралай Жарқымбаева

Фандрайзинг координаторы

Айнұр Халиолла

Графикалық дизайнер және цифрлық сауаттылық курсының әдістеме дизайнері

Оксана Сакагами

Маркетинг координаторы

Мадина Болат

Корпоративтік серіктестермен және донорлармен жұмыс жөніндегі маман

Баян Набиева

Жобалар координаторы

Амина Жеменей


Аудармашы және цифрлық сауаттылық курсының әдістеме дизайнері

Әлеужелілер мен платформаларға сілтемелер мен байланыс ақпараты

Almaty, Kazakhstan +7 771 758 1838

info@connect-ed.kz

partnership@connect-ed.org



[Connect-Ed](#)



[connected_kz](#)



[Connect-Ed](#)



[Connect-Ed](#)